

## Облыс бойынша орман пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлем ставкаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 12-5 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 желтоқсанда N 1631 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.03.15 № 32-8 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 473-бабына және Қазақстан Республикасының Орман Кодексінің 14-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық мемлекеттік орман қоры аумағында шабындықтар мен жайылымдарды пайдалануға бергені, бал ара үйлері мен омарталарын орналастырғаны, бау-бақша және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өсіргені үшін төлем ставкалары N 1 қосымшаға сай бекітілсін.

2. Облыс аумағында орманды жанама пайдалану үшін (дәрілік шөптерді, техникалық шикізатты және орманның тағамдық өнімдерін дайындау) төлем ставкалары N 2 қосымшаға сай бекітілсін.

3. Облыстық мемлекеттік орман қоры телімдерінде жанама орман ресурстарын дайындауға төлем ставкалары N 3 қосымшаға сай бекітілсін.

4. Мемлекеттік орман қорының телімдерін аңшылық шарушылық қажеттілігі үшін, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін, мәдени-сауықтыру, рекреациондық, туристік және спорттық мақсаттарға пайдалану үшін төлем ставкалары N 4 қосымшаға сай бекітілсін.

5. Жамбыл облыстық мәслихатының 2004 жылғы 28 мамырдағы N 3-12 "Жамбыл облысы мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш емес өсімдік ресурстарын, шабындықтар мен жайылымдарды пайдалануға бергені, омарталарды орналастырғаны үшін төлемді бекіту туралы" шешімінің (2004 жылғы 9 шілдеде 1387 нөмірімен тіркелген, 2004 жылғы 17 шілдеде "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың экология және табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Облыстық мәслихат

Облыстық мәслихат хатшысы

сессиясының төрағасы

хатшысы

А. Майлыбаев

А. Асильбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы бойынша  
салық комитетінің  
төрағасының м. а.

Е.К. Молдашев

Жамбыл облыстық аумақтық орман  
және аңшылық шаруашылығы  
басқармасының бастығы

Х.Х. Бектурганов

Үшінші шақырылған  
Жамбыл облыстық мәслихаттың  
2005 жылғы 15 желтоқсандағы  
"Облыс бойынша орман  
пайдаланудың кейбір түрлері үшін  
төлем ставкаларын бекіту туралы"  
N 12-5 шешіміне N 1 қосымша

**Облыстық мемлекеттік орман қоры аумағында шабындықтар  
мен жайылымдарды пайдалануға бергені, бал ара үйлері  
мен омарталарын орналастырғаны, бау-бақша  
және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін  
өсіргені үшін төлем ставкалары**

Орман қоры телімдерінің санаттары	Өлшем Бір бірлік құны	Орман қоры телімдерінің бірлігі	Өлшем теңгемен	Бір бірлік құны
1. Шабындық өнімділігі 3 цн/га дейін	алқаптар:		га	25
өнімділігі 3,1-ден 5 цн/га дейін			га	35
өнімділігі 5,1 цн/га-дан және жоғары			га	50
2. Жайылымдық жақсы сапалы	алқаптар:		га	30
орта сапалы			га	20
төмен сапалы		га	10	
3. Орманды, сирек ормандар, және басқа да ормансыз жерлер	орманды емес алаңқай жерлер:	орманды емес алаңқай жерлер:	га	25

4. Бал ара үйлері мен омарталарды орналастыру 1 бірлік үшін 100

5. Бау-бақша және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру га 200

Үшінші шақырылған Жамбыл облысты мәслихаттың 2005 жылғы "15" желтоқсандағы "Облыс бойынша орман пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" N 12-5 шешіміне N 2 қосымша

**Облыс аумағында орманды жанама пайдалану үшін дәрілік шөптерді, техникалық шикізатты және орманның тағамдық өнімдерін дайындау) төлем ставкалары**

N	Өсімдіктің атауы	Шикізат түрі	Бағалау коэффициенті	Төлем ставкасы 1 кг үшін теңгемен	Шаруашылық маңызы
1	2	3	4	5	6
1	Кәдімгі өрік	жемістері	0,9	3,15	тағамдық, техникалық
2	Дәрілік жалбызтiкeн	тамырлары	2,5	14,50	дәрілік
3	Алша(согдий өрігі)	жемістері	0,9	3,15	тағамдық, техникалық
4	Бәрі қарақат	тамырлары жапырақтары жемістері	3 , 1 2 , 5 0,5	1 8 , 0 8 , 5 0 1,75	тағамдық, дәрілік
5	Қотыр қайың	бүршіктер	4,4	15,0	техникалық, дәрілік
6	Құмды бессмертник (цмин)	гүлдері	5,5	18,70	дәрілік
7	Алқызыл долана	гүлдері жемістері	6 , 8 3,0	2 3 , 1 2 10,5	тағамдық, дәрілік
8	Күмәнді валериана	тамырлары	2,0	11,6	дәрілік
9	Саңырауқұлақ	жемістері	1,3	30,0	тағамдық
10	Айланшөп таран	шөп	1,35	4,60	дәрілік
11	Биік андыз	тамырлары мен тамыртүптері	2,4	13,90	дәрілік
12	Дәрі түйе жоңышқа	шөп	0,85	2,90	дәрілік, тағамдық
13	Кәдімгі жұпаргүл	шөп	1,05	3,60	дәрілік
14	Таңқурай	жемістері	0,9	3,15	тағамдық

15	Итшомырт	жемістері	4,2	14,7	техникалы, дәрілік
16	Қоянжырық	шөп	1,65	5,61	дәрілік
17	Шілтер жапырақ шаңқурай	шөп	2,0	6,80	дәрілік
18	Жайылым жоңышқа	басы	4,2	14,70	бал шығарғыш
19	Бозтіккен	тамырлары	1,10	6,40	техникалық
20	Северцов Корольковия	пияшшалары	1,3	4,55	дәрілік
21	Қосүйлі қалақай	жапырақтары	1,65	5,60	тағамдық,дәрілік
22	Қамыс	өзегі	0,2	0,60	техникалық
23	Кәдімгі өгейшөп	гүлдері жапырақтары	4 , 2 0 2,35	1 3 , 3 0 8,0	дәрілік
24	Зеравшан аршасы	жемістері	1,5	5,25	дәрілік
25	Дала жалбыз	шөп	2,0	6,80	б а л шықарғыш, дәрілік
26	Итшомырт шырғанақ	жемістері	1,2	4,2	тағамдық, б а л шығарғыш, дәрілік
27	Дәрі бақбақ	тамырлары	3,0	17,40	дәрілік
28	Кәдімгі түймешетен	гүлдері	1,75	6,15	дәрілік
29	Дала таушымылдық	тамырлары	2,15	12,50	тағамдық, дәрілік
30	Үлкен баға жапырақ	жапырақтары	2,40	8,40	дәрілік
31	Кәдімгі бәйшешек	шөп	1,20	4,10	дәрілік
32	Ашщы жусан	ш ө п жапырақтары	1 , 3 1,75	4 , 4 5 5,95	тағамдық, техникалық
33	Дәрілік ромашка	гүл себеттері	3,0	10,20	дәрілік
34	Күрең кара қарақат	жемістері	0,5	1,75	тағамдық
35	Жалаң мия (оралдық)	тамырлары	1,3	2,75	дәрілік, техникалық
36	Кәдімгі тмин	жемістері	1,40	4,90	дәрілік
37	Кәдімгі мыңжапырақ	шөп	1,40	4,8	дәрілік
38	Кәдімгі пісте	жемістері	3,0	10,5	тағамдық
39	Дала қырықбуыны	шөп	1,6	5,45	тағамдық, дәрілік
40	Ақ щий	сабақтары	0,3	0,90	техникалық
41	Сұңғыла	тамырлары	1,7	5,90	дәрілік
42	Үштармақ итошаған	шөп	3,0	10,20	дәрілік
43	Шөлдік шалфей	жапырақтары	0,85	2,90	б а л шығарғыш, дәрілік

44	Ақ, кара тұт	жемістері, жапырақтары	1,2	4,2	тағамдық, техникалық
45	Итмұрын раушан	жемістері	3,1	10,85	тағамдық, дәрілік
46	Қырықбуын қылша	қатаймаған сабақтары	0,7	2,40	техникалық
47	Сивер алмасы	жемістері	0,17	0,60	тағамдық

Ү ш і н ш і ш а қ ы р ы л ғ а н  
Ж а м б ы л о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы қ  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы " 1 5 " ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
" О б л ы с б о й ы н ш а о р м а н  
п а й д а л а н у д ы ң к е й б і р т ү р л е р і ү ш і н  
т ө л е м с т а в к а л а р ы н б е к і т у т у р а л ы "  
N 12-5 ш е ш і м і н е N 3 қ о с ы м ш а

**Облыстық мемлекеттік орман қоры учаскелерінде  
жанама орман ресурстарын дайындауға төлем ставкалары**

№	Пайдалану түрлері	өлшем бірлігі	Төлем ставкасы теңгемен
1	Плита мен десте әзірлеу үшін қамысты дайындау	текше метр	150
2	Сыпырғы әзірлеу үшін жусан дайындау	текше метр	100
3	Монша сыпырғышы үшін мия бұтақшаларын дайындау	текше метр	100

Ү ш і н ш і ш а қ ы р ы л ғ а н  
Ж а м б ы л о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы " 1 5 " ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
" О б л ы с б о й ы н ш а о р м а н п а й д а л а н у д ы ң  
к е й б і р т ү р л е р і ү ш і н т ө л е м  
с т а в к а л а р ы н б е к і т у т у р а л ы "  
N 12-5 ш е ш і м і н е N 4 қ о с ы м ш а

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шарушылық  
қажеттілігі үшін, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін,  
мәдени-сауықтыру, рекреациондық, туристік және спорттық  
мақсаттарға пайдаланғаны үшін төлем ставкалары**

	Пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы теңгемен
1	Аңшылық шаруашылығы қажеттілігі үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану		5

		га	
2	Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану	Адам-күн	20
3	Мәдени-сауықтыру, рекреациондық, туристік және спорттық мақсаттар үшін мемлекеттік орман қорының телімдерін пайдалану	Адам-күн	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК